



## **«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

**Қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)**

**2021 жылғы 30 қыркүйек**

## Мазмұны

### ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы қысқартылған жеке аралық есеп .....	1
Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы қысқартылған жеке аралық есеп.....	2
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған жеке аралық есеп .....	3
Ақшалай қаражат қозғалысы туралы қысқартылған жеке аралық есеп .....	4

### ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР:

1	Компания және оның операциялық қызметі.....	5
2	Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері.....	5
3	Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби пайымдаулар .....	6
4	Байланысты тараптармен есеп жүргізу және операциялар .....	8
5	Еншілес компанияларға, бірлесіп бақыланатын және қауымдастырылған кәсіпорындарға салынған инвестициялар .....	10
6	Берілген қарыздар .....	11
7	Өзге ұзақ мерзімді активтер .....	11
8	Өзге қысқа мерзімді активтер .....	12
9	Ақшалай қаражат және олардың баламалары .....	12
10	Акционерлік капитал .....	12
11	Қарыздар .....	13
12	Дивидендтер бойынша табыс .....	13
13	Жалпы және әкімшілік шығыстар.....	14
14	Қаржылық табыстар.....	14
15	Қаржылық шығыстар.....	14
16	Табыс салығы.....	14
17	Шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер .....	15
18	Қаржы құралдарының әділ құны .....	16
19	Есеп беру күнінен кейінгі жағдай .....	17
20	Бір акцияның баланстық құны .....	17

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Қаржылық жағдай туралы қысқартылған жеке аралық есеп**

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескертпе	30 қыркүйек 2021 ж. (аудит жүргізілмеген)	31 желтоқсан 2020 ж.
<b>АКТИВТЕР</b>			
<b>ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР</b>			
Негізгі құралдар		259,490	311,258
Материалдық емес активтер		538,591	636,073
Пайдалану құқығы нысанындағы актив		1,176,318	1,397,421
Еншілес компаниялар мен бірлесіп бақылайтын және қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар	5	547,011,037	548,148,318
Берілген заемдар	6	39,258,968	39,172,956
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	7	7,948,854	2,236,269
<b>Барлық ұзақ мерзімді активтер</b>		<b>596,193,257</b>	<b>591,902,295</b>
<b>Қысқа мерзімді активтер</b>			
Тауар-материалдық қорлар		52,656	46,544
Берілген заемдар	6	13,385,401	18,993,146
Өзге де қысқа мерзімді активтер	8	6,750,192	8,756,460
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	9	2,185,663	1,595,249
<b>Барлық қысқа мерзімді активтер</b>		<b>22,373,912</b>	<b>29,391,399</b>
<b>БАРЛЫҚ АКТИВТЕР</b>		<b>618,567,169</b>	<b>621,293,694</b>
<b>КАПИТАЛ</b>			
Акционерлік капитал	10	376,045,927	376,045,927
Өзге де капитал резерві		89,328,998	89,328,998
Жабылмаған шығын		(29,775,892)	(45,082,442)
<b>БАРЛЫҚ КАПИТАЛ</b>		<b>435,599,033</b>	<b>420,292,483</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Қарыздар	11	146,736,652	150,421,544
Жалдау бойынша міндеттемелер		881,235	1,056,677
Өзге де ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	17	1,177,752	1,304,607
<b>Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>		<b>148,795,639</b>	<b>152,782,828</b>
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Қарыздар	11	32,739,133	45,993,024
Жалдау бойынша міндеттемелер		399,292	417,342
Өзге кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер		972,846	1,718,188
Төлеуге жататын өзге салықтар		61,225	89,829
<b>Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер</b>		<b>34,172,497</b>	<b>48,218,383</b>
<b>БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		<b>182,968,136</b>	<b>201,001,211</b>
<b>БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ</b>		<b>618,567,169</b>	<b>621,293,694</b>
<b>Бір жай акцияның баланстық құны</b>	<b>20</b>	<b>77,664</b>	<b>74,914</b>

Басшылық атынан 2021 жылғы 30 қазанда қол қойылған

Рысқұлов Айдар Қайратұлы

Экономика және қаржы жөніндегі  
 басқарушы директор



Төлекова Сәуле Бекзадақызы

«Қаржы және Салық есебі»  
 департаментінің директоры – Бас  
 бухгалтер

Қоса беріліп отырған ескертпелер осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

**«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

**Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы қысқартылған жеке аралық есеп**

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескертпе	2021ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай (аудит жүргізілмеген)	2020ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай (аудит жүргізілмеген)	2021ж. 30 қыркүйекте аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)	2020ж. 30 қыркүйекте аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)
Дивиденттер бойынша кірістер	12	34,045,809	34,954,503	1,380,955	2,866,950
Өзге операциялық кірістер мен шығыстар (нетто)	5	(10,291)	(3,131,835)	(14,340)	(17,744)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	13	(4,084,613)	(3,693,428)	(1,386,426)	(1,261,590)
<b>Негізгі қызмет бойынша пайда/(шығын)</b>		<b>29,950,905</b>	<b>28,129,240</b>	<b>19,811</b>	<b>1,623,104</b>
Қаржылық активтерді қалпына келтіру/ (құнсыздандыру) (нетто)		(772,315)	213,084	(181,481)	163,432
Қаржылық кірістер	14	6,444,690	5,991,143	2,166,824	1,926,653
Қаржылық шығыстар	15	(16,735,469)	(17,513,054)	(5,257,095)	(5,566,209)
<b>Салық салғанға дейінгі пайда/(шығын)</b>		<b>18,887,811</b>	<b>16,820,413</b>	<b>(3,291,563)</b>	<b>(1,853,020)</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	16	(339,118)	(48,787)	(3,197)	(14,682)
<b>Кезеңдегі пайда /(шығын)</b>		<b>18,548,693</b>	<b>16,771,626</b>	<b>(3,294,760)</b>	<b>1,867,702</b>
<b>Кезеңдегі барлық жиынтық табыс /(шығын)</b>		<b>18,548,693</b>	<b>16,771,626</b>	<b>(3,294,760)</b>	<b>1,867,702</b>

Қоса беріліп отырған ескертпелер осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

**«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған жеке аралық есеп**

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескерт пе	Акционерлік капитал	Өзге де резервтік капитал	Жабылмаған шығын	Барлық капитал
2020 ж. 1 қаңтардағы қалдық		373,314,888	91,643,030	(54,741,536)	<b>410,216,382</b>
Кезеңдегі пайда (аудит жүргізілмеген)		-	-	16,771,626	<b>16,771,626</b>
<b>Кезеңдегі барлық жиынтық табыс (аудит жүргізілмеген)</b>		-	-	<b>16,771,626</b>	<b>16,771,626</b>
Капиталға төленген жарна		2,731,039	(1,500,000)	-	<b>1.231.039</b>
Жарияланған дивидендтер		-	-	(3,066,231)	<b>(3,066,231)</b>
<b>2020 ж. 1 қыркүйектегі қалдық (аудит жүргізілмеген)</b>		<b>376,045,927</b>	<b>90,143,030</b>	<b>(41,036,141)</b>	<b>425,152,816</b>
2021 жылғы 1 қаңтардағы қалдық		376,045,927	89,328,998	(45,082,442)	<b>420,292,483</b>
Жыл ішіндегі пайда (аудит жүргізілмеген)		-	-	18,548,693	<b>18,548,693</b>
<b>Кезеңдегі барлық жиынтық табыс</b>		-	-	<b>18,548,693</b>	<b>18,548,693</b>
Жарияланған дивидендтер	10	-	-	(3,242,143)	<b>(3,242,143)</b>
<b>2021 ж. 30 қыркүйектегі қалдық (аудит жүргізілмеген)</b>		<b>376,045,927</b>	<b>89,328,998</b>	<b>(29,775,892)</b>	<b>435,599,033</b>

Қоса беріліп отырған ескертпелер осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Ақшалай қаражат қозғалысы туралы қысқартылған жеке аралық есеп**

(i) Қазақстан теңгесімен, мың	Ескертпе	30.09.2021ж. аяқталған 9 ай	30.09.2020ж. аяқталған 9 ай
<b>Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы:</b>			
<b>Ақшалай қаражаттың түсуі, барлығы</b>		<b>2,827,427</b>	<b>3,252,736</b>
Алынған сыйақы		2,517,456	3,154,324
Өзге түсімдер		309,971	98,412
<b>Ақша қаражатының шығуы, барлығы</b>		<b>(14,546,340)</b>	<b>(13,008,997)</b>
Өнім берушілерге тауарлар мен қызметтер үшін төлемдер		(1,249,080)	(1,259,073)
Берілген аванстар		(49,734)	(71,854)
Еңбекақы бойынша төлемдер		(1,976,965)	(1,622,927)
Алынған заемдар бойынша сыйақыларды төлеу		(7,933,597)	(7,647,124)
Қарыздық бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеу		(1,623,802)	(1,623,802)
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер бойынша сыйақы төлеу		(142,541)	(98,597)
Корпоративтік табыс салығы		(350,790)	(101,878)
Бюджетке төленетін басқа да төлемдер		(189,154)	(174,352)
Басқа төлемдер		(1,030,677)	(409,390)
<b>Операциялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты</b>		<b>(11,718,913)</b>	<b>(9,756,261)</b>
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы</b>			
<b>Ақша қаражатының түсуі, барлығы</b>		<b>43,750,586</b>	<b>49,593,493</b>
Алынған дивидендтер		29,045,361	32,085,349
Еншілес компаниялардың акцияларын сатудан түсетін түсімдер		-	2,202,302
Қарыздық құралдарды сатудан түсетін түсімдер		192,300	192,300
Материалдық емес активтерді сатудан түсетін түсімдер		-	-
Банк салымдарын қайтару		5,000	1,174,000
Берілген қарыздарды өтеу		12,205,747	13,579,288
Эмитенттердің қарыздық құралдарын өтеуден түсетін түсімдер		111,678	137,293
Өзге де түсімдер		2,190,500	222,961
<b>Ақша қаражатының шығуы, барлығы</b>		<b>(6,563,076)</b>	<b>(13,908,834)</b>
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(30,640)	(230,941)
Еншілес компанияларға және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарға берілген қарыздар мен қаржылық көмек		(5,700,000)	(7,881,000)
Қаржылық құралдарды сатып алу		-	-
Иелену үлесін өзгертпей Қауымдасқан компаниялардың жарғылық капиталына салымдар		-	-
Еншілес компаниялардың жарғылық капиталына салым		(826,936)	(3,617,893)
Банктік салымдарды орналастыру		(5,500)	(2,179,000)
<b>Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты</b>		<b>37,187,510</b>	<b>35,684,659</b>
<b>Қаржылық қызметінен түскен ақша қаражатының қозғалысы</b>			
<b>Ақша қаражатының түсуі, барлығы</b>		<b>70,010,000</b>	<b>16,710,342</b>
Банктік қарыздар алу		70,010,000	16,710,342
<b>Ақша қаражатының шығуы, барлығы</b>		<b>(94,865,666)</b>	<b>(41,969,440)</b>
Самұрық-Қазына қарыздарын өтеу		(2,586,856)	(2,381,109)
Банктердің және басқа да ұйымдардың қарыздарын өтеу		(88,843,176)	(36,302,235)
Акционерлерге дивидендтер төлеу		(3,242,143)	(3,066,231)
Қарыздық бағалы қағаздарды (облигацияларды) өтеу		-	-
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер бойынша негізгі қарызды төлеу		(193,491)	(189,308)
Өзге төлемдер		-	(30,557)
<b>Қаржылық қызметтен пайдаланылған таза ақша қаражаты</b>		<b>(24,855,666)</b>	<b>(25,259,098)</b>
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының құнсыздануына арналған резервтегі өзгеріс		<b>23</b>	<b>(144)</b>
Валюталардың айырбас бағамының өзгеруінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		<b>(22,540)</b>	<b>3,485</b>
<b>Ақша қаражаты мен олардың баламаларының таза (азаяуы)/ұлғаюы</b>		<b>590,414</b>	<b>672,641</b>
<b>Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары</b>		<b>9</b>	<b>1,298,005</b>
<b>Кезең соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары</b>		<b>9</b>	<b>2,185,663</b>

Қоса беріліп отырған ескертпелер осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

## **1 Компания және оның операциялық қызметі**

«Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – Компания) 2007 жылғы 18 сәуірде құрылып, 2007 жылғы 10 мамырда тіркелген. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Акционерлік қоғам нысанында құрылған.

Компанияның 100% пайыз акциясының иесі болып табылатын, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») Компанияның жалғыз акционері болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның соңғы бақылаушы иесі болып табылады.

### **Негізгі қызметі**

Компанияның негізгі қызмет түрлері (5-ескертпе) көмір, көмірсутегі, су ресурстары мен жаңартылатын энергия көздері (бұдан әрі - ЖЭК) негізінде электр және жылу энергиясы мен ыстық суды өндіру, халыққа және өндірістік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау мен желіде электрді техникалық тарату, сондай-ақ су электр станцияларының мүлкітік кешендерін жалға алу болып табылатын холдингік компания болып табылады.

Компанияның мекенжайы және қызметін жүзеге асыратын орны: Қазақстан Республикасы. Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А.

### **Операциялық орта**

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамып келе жатқан нарықтарға тән кейбір өзіндік ерекшеліктерді көрсетуді жалғастыруда. Ол мұнай мен газ және ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын басқа да минералдық шикізат бағаларының ауытқуларына ерекше сезімтал. Бұл ерекшеліктер елден тыс жерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуы және бағалы қағаздар нарығы өтімділігінің төмен деңгейін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

Айырбас бағамының құбылмалылығы өтімділіктің төмендеуін және халықаралық қаржыландыруды тартуда қиындықтардың туындауын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсер етеді және әсерін жалғастыра береді. 2021 жылғы 30 қыркүйекте шетел валютасындағы қалдықтарды қайта есептеу үшін пайдаланылатын ресми айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 425,70 теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 1 АҚШ доллары үшін 420.91 теңге).

Басшылық ағымдағы жағдайларда Компания мен Топ қызметінің тұрақтылығы мен өсуін қолдау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтынына сенімді. Болашақ экономикалық жағдай мен нормативтік-құқықтық орта басшылықтың қазіргі үміттерінен өзгеше болуы мүмкін.

### **COVID -19 коронавирус инфекциясы**

«Самұрық-Энерго» АҚ Топ қызметкерлерінің ұжымдары арасында коронавирус инфекциясының таралуының алдын алуға бағытталған барлық қажетті шараларды қабылдады. Мынадай шаралар қабылданды:

- Топ кәсіпорындарында күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтау.
- коронавирус инфекциясына қарсы вакцина егу қажеттілігіне қатысты коммуникация ұйымдастырылды.

Жүргізілген жұмыс жұмыстың үздіксіз жүруін қамтамасыз етті және өндірістік қуаттылықты сақтап қалды. Осы қысқартылған аралық жеке қаржылық есептілік шығарылған күнгі жағдай бойынша, COVID-19-ға байланысты ахуал әлі де жалғасып келеді, бүгінгі күні Компанияның түсімі мен жеткізіліміне айтарлықтай әсері байқалған жоқ. Топ есепті кезеңде өз міндеттемелерін орындады.

## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері**

### **Қаржылық есептілікті дайындау негізі**

2021 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айға арналған осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілік ХҚЕС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілікке» сәйкес дайындалды.

Осы қысқартылған аралық жеке қаржылық есептілікке аудит жүргізілмеген және жылдық қаржылық есептілікте ашылуы қажет барлық ақпаратты қамтымайды. Компания Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған 2020 жылға арналған аудиттелген жылдық жеке қаржылық есептілікте қамтылған (есепке алу саясатының қағидаттары және сомалары немесе құрамы бойынша елеулі өзгерістерге ұшырамаған баптар туралы егжей-тегжейлі мәліметтер сияқты) ақпаратты елеулі түрде қайталайтын ақпаратты ашады.

## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)**

Басшылық осы қысқартылған аралық жеке қаржылық есептілікте қамтылған ақпаратты ашу осы есептілік 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін әзірленген есептілікпен бірге қаралған жағдайда жеткілікті ақпарат береді деп пайымдайды. Басшылықтың пікірінше, осы қысқартылған аралық жеке қаржылық есептілікке қаржылық жағдайды, қызмет нәтижелерін, капиталдағы өзгерістер туралы есептерді және Компанияның аралық есепті кезеңдегі ақша қаражатының қозғалысын дұрыс ұсыну үшін қажетті барлық түзетулер енгізілген.

Басшылық қызметтің үздіксіздігі туралы қағидат негізінде осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікті дайындады. Басшылықтың шешімі Компанияның қаржылық жағдайына, оның ағымдағы ниеттеріне, операциялардың табыстылығына және қаржы ресурстарына қол жеткізу мен Үкіметтің қолдауына сүйенеді.

Осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікке активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың баланстық құнына енгізілетін қандай да бір түзетулер, сондай-ақ операциялық қызметті жалғастыру мүмкін болмаған жағдайда қажет болатын қаржылық жағдай туралы қысқартылған жеке аралық есептің жіктемесі кірмейді, мұндай түзетулер маңызды болуы мүмкін.

## **3 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби пайымдаулар**

Қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде Компания қолданылатын есепке алу саясаттарына және есептілікте көрсетілетін активтер мен міндеттемелерге, кірістер мен шығыстарға әсер ететін бағалауларды пайдаланады және жорамалдар жасайды. Нақты нәтижелер осы бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Қолданылған негізгі есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдар 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық жеке қаржылық есептілікті дайындау барысында қолданылған есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдауларға сәйкес келеді.

### **Қаржылық емес активтерді құнсыздандыру**

Әрбір есепті кезеңнің соңында басшылық жекелеген активтердің немесе активтер топтарының құнсыздану белгілерінің болуын және алдыңғы кезеңдерде гудвилден өзгеше активтер немесе активтер топтары үшін танылған құнсызданудан болатын залал бұдан былай болмағанын немесе төмендегенін бағалайды. Кез келген осындай белгілер болған кезде басшылық сатуға жұмсалған шығындарды және оны пайдалану құндылығын шегере отырып, оның әділ құны шамаларының ішіндегі ең үлкені ретінде айқындалатын активтің өтелетін құнын бағалайды. Пайдалану құндылығын есептеу қалыптасқан жағдайларда негізделген болып саналатын басшылық тарапынан бағалау деректері мен кәсіби пайымдауларды қолдануды талап етеді.

Қаржылық емес активтердің құнсыздану белгілерінің болуын анықтау да негізгі құралдар объектілерінің мүмкін болатын технологиялық ескіруін, қызметтің тоқтауын, олардың пайдалы қызметінің қалдық мерзімдерін және пайдаланудың басқа да өзгерістерін анықтаудың пайымдаулары мен бағаларын пайдалануды талап етеді.

ХҚЕС (IAS) 36-ға сәйкес құнсыздану белгілерінің бірі Компания өз қызметін жүзеге асыратын технологиялық, нарықтық, экономикалық немесе заңдық жағдайларда немесе актив бағытталған нарықта кезең ішінде болған немесе жақын келешекте болжанатын Компания үшін теріс салдарларды көрсеткен маңызды өзгерістердің болуы болып табылады.

Активтердің өтелетін құнын бағалаған кезде Компания бағаларды қолданады және пайымдауларды жасайды. Бағалар мен пайымдаулар үнемі сыни талдауға ұшырайды және басшылықтың өткен тәжірибесі мен басқа факторларға, оның ішінде қалыптасқан жағдайларда негізделген болып табылады деп саналатын болашақ жағдайларға қатысты болжамдарға негізделеді. Басшылық есептік саясатты қолдану барысында бағалауды талап етпейтіндерді қоспағанда кейбір пайымдауларды пайдаланады.

COVID -19-дың таралуы мен әсерін тежеуге бағытталған шаралар Қазақстандағы экономикалық белсенділікті айтарлықтай шектеп, теріс әсер етеді және белгісіз уақыт кезеңі ішінде Компанияның бизнесі мен клиенттеріне, сондай-ақ қазақстандық және әлемдік экономикаға теріс әсер етуді жалғастыруы мүмкін. Тиісінше, ақша қаражатының болашақ ағындарын қысқартуы немесе операциялық және өзге де шығыстарды ұлғайтуы, сондай-ақ экономиканы қолдау үшін Үкіметтің электр энергиясына тарифтерді реттеу сипатына әсер етуі мүмкін.

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компания басшылығы ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануына» сәйкес «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның (бұдан әрі – «ЕГРЭС-1»), «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі – «АЖК»), «Алматы Электр Станциялары» АҚ-ның (бұдан әрі – «АлЭС»), «Тегис Мұнай» ЖШС-ның (бұдан әрі – «ТМ»), және бірлескен кәсіпорнын «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-ның (бұдан әрі – «ЭГРЭС-2 станциясы») инвестицияларының құнсыздану белгілеріне талдау жүргізді.



### **3 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби пайымдаулар (жалғасы)**

Құнсыздану белгілерін талдау кезінде пайдаланылған негізгі фактілер мен жорамалдар мыналар болып табылады:

- Есепті кезеңде еншілес компаниялардың экономикалық тиімділігінде теріс өзгерістердің болмауы;
- Несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелердегі және ұзақ мерзімді инфляция мөлшерлемесіндегі өзгерістер маңызды болып табылмайды;
- Кезең ішінде болған немесе жақын болашақта орын алуы мүмкін еншілес компаниялар үшін жағымсыз салдарлары бар елеулі өзгерістердің болмауы;
- Қазақстан Республикасының солтүстік және оңтүстік аймағында электр энергиясына сұраныстың орта мерзімді перспективада болжамды өсуі;
- ҚР Энергетика министрінің 2021 жылғы 30 наурыздағы №108 бұйрығына сәйкес, 2021 жылдың 1 сәуірінен бастап Топтың барлық энергия өндіруші ұйымдары (бұдан әрі – «ЭӨҰ») үшін Пайда нормасын айқындау әдістемесі шеңберінде рентабельділік нормасын ескере отырып, ЭӨҰ үшін электр энергиясына шекті тарифтерді ұлғайту;
- Электр энергетикасы саласы заңнамаларындағы 2021 жылғы 1 шілдеде жаңартылатын энергия көздерін (бұдан әрі – «ЖЭК») пайдалануды қолдауға арналған «толассыз» үстемеақы тетігін енгізу бөлігіндегі оң өзгерістер ЖЭК электр энергиясын сатып алу бойынша ЭӨҰ шығыстарын жабуды қамтамасыз етеді;
- Халықаралық талдау агенттіктерінің деректеріне сәйкес, Brent маркалы мұнайдың бес жылдық кезеңге арналған бағасына оң болжамның болуы.

Құнсызданудың сыртқы және ішкі белгілерін талдау нәтижесінде Компания басшылығы талдау жүргізілген күні құнсыздану белгілері болған жоқ деген қорытындыға келді. Сәйкесінше, Компания басшылығы 2021 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша қаржылық емес активтердің құнсыздануына тест жүргізілу туралы шешім қабылдады. 2021 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Басшылық тест нәтижелеріне теріс әсер еткен оқиғалар болған жоқ деп санайды.

#### **Алматы ЖЭО-2-ні қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып жаңғырту**

ҚР Президентінің атмосфераға шығарындыларды азайту бойынша шаралар қабылдау туралы тапсырмасын орындау мақсатында Компания жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі – «ТЕН») әзірлеуде. Жобаның бірінші кезеңінде қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып, ЖЭО-2-ні жаңғыртудың мынадай төрт нұсқасы қаралды: жұмыс істеп тұрған қазандықтарды газбен жағуға көшіру, жұмыс істеп тұрған қазандықтарды газ тазалау жабдығын орнату арқылы реконструкциялау, ЖЭО-2-ні бу-газ қондырғыларын салу және табиғи газға көшпей қосымша газ тазалау жабдығын орнату арқылы кеңейту мен газбен жұмыс істейтін жаңа станция салу.

2020 жылы сату құны мен қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарылуын салыстыру нәтижесінде жұмыс істеп тұрған қазандықтарды газбен жұмыс істеуге көшіре отырып, қайта құрудың бірінші нұсқасы таңдалды. 2021 жылы бұл нұсқа бойынша «Мемсараптама» РМК-нің теріс қорытындысы алынды.

2021 жылғы 31 мамырда Премьер-Министр А.Ұ. Мамин бастаған ҚР Үкіметі Алматы ЖЭО-2 алаңында қуаты 600 МВт бу-газ қондырғысын (бұдан әрі -БГҚ) салу жөніндегі ұсынысты мақұлдады. Кешенді ведомстводан тыс сараптама бойынша қорытынды ала отырып, жобаның ТЭН-ін түзету мерзімі 2021 жылдың соңына дейін белгіленді.

Премьер-Министр сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ-ға Энергетика министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен Алматы ЖЭО-2 алаңында газға БГҚ салу жобасын қаржыландыру үшін банктік қарыз тарту, оның ішінде газ инфрақұрылымын жүргізу бойынша жұмысты жалғастыруды тапсырды.

Премьер-Министр Энергетика министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-мен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдарға «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңына электр қуаты нарығының тетігі арқылы экологиялық жағдайды шешуге бағытталған жобаларды іске асыруға мүмкіндік беру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі мәселені пысықтауды тапсырды. «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңына түзетулер енгізу жобасы Үкіметпен келісу қорытындысы бойынша 2021 жылғы қыркүйекте қарау үшін ҚР Парламенті Мәжілісіне беріледі. Заңнамаға өзгерістер енгізу Компанияға қарыз қаражатын қайтаруды және электр қуаты нарығының тетігі есебінен болашақта инвестицияның өтелуін қамтамасыз етеді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, қазіргі уақытта жобаны іске асырудың егжей-тегжейлі жоспары жоқ, сондай-ақ мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы бар ТЭН-нің болмауына байланысты қаржыландыру көздері мен заңнамалық базаны өзгерту айқындалмаған.

**3 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби пайымдаулар (жалғасы)**

Сондай-ақ, БГТ салынған жағдайда ЖЭО-2-нің негізгі құралдарының 50 пайыздан астамы істен шықпай, пайдаланылады, ал қалған негізгі құралдар, мысалы, қазандық, турбина және отын-көлік цехының технологиялық жабдықтары газбен жабдықтауда іркілістер болған немесе ұзақ жөндеу салдарынан БГҚ жұмысын тоқтатқан жағдайда резервте болады. ЖЭО-2 қолданыстағы активтерін ұстау бойынша шығыстар ағымдағы шығыстарға жатқызылады және электр энергиясына бөлінген тариф есебінен өтелетін болады.

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ЖЭО-2-нің теңгерімдік құны шамамен 50 миллиард теңгені құрайды.

Жүргізілген талдау нәтижесінде Компания басшылығы талдау жүргізілген күні инвестициялардың құнсыздану белгілері жоқ деген қорытындыға келді. 2021 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша, Басшылық тест нәтижелеріне теріс әсер еткен оқиғалар болған жоқ деп санайды.

**Балқаш ЖЭС-і**

2019 жылғы 29 қазанда Компания Samsung C&T-ден БЖЭС-тің 50%+1 акциясын сатып алды және БТЭС-тің 100% үлесінің иесі болды. Сатып алу кезінде БЖЭС банкроттық шегінде болды, сондай-ақ іс жүзінде маңызды қызметті жүзеге асырмады. 2017 жылдан бастап кредиторлар мен жеткізушілер БЖЭС-тің төлем қабілетсіздігіне байланысты бірнеше рет сотқа берді, бұл өз кезегінде мүлікке тыйым салуға алып келді, сондай-ақ БЖЭС қызметін айтарлықтай шектеді.

Карантиндік шаралар мен ұлттық экономиканы қолдау үшін мемлекет қабылдаған шаралардың енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 14 шілдедегі № 443 «Банкроттық рәсімін қозғауды тоқтата тұру туралы» қаулысымен мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері атынан кредиторлардың заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді банкрот деп тану туралы өтініштері бойынша сотқа беруін 2020 жылғы 1 қазанға дейін тоқтата тұруға бұйрық берілді, осыған байланысты БЖЭС-тің банкроттық рәсімі уақытша тоқтатылды. 2021 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша, кредиторлардың кассациялық шағымдануға құқықтарының болуына байланысты БЖЭС-ті банкрот деп тану бойынша сот талқылаулары әлі толық көлемде шешілген жоқ, осылайша, басшылықтың пікірінше, Компанияның бақылау құқығы жоқ және БЖЭС-ке салынған инвестициялар толығымен құнсызданған.

**4 Байланысты тараптармен есеп жүргізу және операциялар**

Байланысты тараптарды анықтау ХБЕС 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» бөлімінде келтіріледі. Байланысты тараптар деп әдетте, егер олардың біреуінде екіншісін бақылай алатын мүмкіндік болса, жалпы бақылауда болатын немесе айтарлықтай әсер ете алатын не екінші тараптың қаржылық және операциялық шешімдеріне бірге бақылау жасайтын тараптар есептеледі. Тараптар байланысты болып табыла ма, жоқ па, деген сұрақтарды шешуде тараптардың заңды нысаны ғана емес, олардың өзара қарым-қатынас сипаттары да ескеріледі. Аналық компания мен Компанияның түпкі бақылаушы тарабы 1-ескертпеде егжей-тегжейлі ашылған.

Байланысты тараптарға Самұрық-Қазынаның бақылауындағы компаниялар жатады. Мемлекеттік компаниялармен жүргізілетін операциялар барлық қоғамдық және жеке компанияларға біртіндеп қолданылатын шарттарға сәйкес, әдеттегі қызмет барысында жүзеге асырылса, i) олар жеке маңызды болып табылмаса; ii) Компанияның қызметі барлық тұтынушыларға қолжетімді болатын стандартта ұсынылса, немесе iii) электр энергиясын жеткізу, телекоммуникациялық қызметтер жне т.б. сияқты қызметтерді жеткізушілерді таңдау мүмкін болмаса, анық жазылмайды.

Компания тауарларды сатып алады және мемлекет қатысатын көптеген ұйымдарға жеткізеді.

